

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қауымдастырылған мүше ретінде Көлік министрлері еуропалық конференциясының жұмысына қатысуы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 25 шілде N 827

Қазақстан Республикасының дүниежүзілік көлік жүйесіне одан әрі кірігуі мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің

Көлік министрлері еуропалық конференциясының жұмысына қауымдастырылған мүше ретінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің қатысуы туралы ұсынысы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Көлік министрлері еуропалық конференциясында Қазақстан Республикасы Үкіметінің қауымдастырылған мүшелігін белгіленген тәртіппен ресімдесін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Икебаева Ә.Ж.